

**"ТҰҒЫР" біліктілікті  
арттыру орталығы**

**"Центр повышения  
квалификации "ТҰҒЫР"**

**Педагогикалық қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курсының  
«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды  
психологиялық-педагогикалық диагностикалау және түзету-дамыту  
жұмысын ұйымдастыру» тақырыбындағы дефектологтарға арналған оқу  
бағдарламасы**

**Сағат саны: 80 ак.сағ.**

**Қордай 2026**

## 1. Жалпы ережелер

Білім беру бағдарламасының өзектілігі (әрі қарай – Бағдарлама).

Қазіргі кезеңде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін уақтылы анықтау және оларға сапалы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мәселесінің маңыздылығын арттыруда. Балалардың дамуындағы ауытқуларды ерте кезеңде анықтау, олардың білім беру қажеттіліктерін нақты бағалау және тиімді түзете-дамыту жұмысының бағытын белгілеу білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының артуы, инклюзивті білім беру саясатының кеңеюі және білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінің дамуы педагог мамандардан диагностикалық қызметті ғылыми негізде ұйымдастыруды талап етеді. Осыған байланысты балалардың даму ерекшеліктерін кешенді зерттеу, психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу және алынған нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын анықтау өзекті мәселеге айналып отыр.

Қазіргі білім беру кеңістігінде баланың даму ерекшеліктерін бағалау тек жеке көрсеткіштерді анықтаумен шектелмей, оның танымдық, сөйлеу, эмоционалдық, әлеуметтік және моторлық даму салаларын кешенді түрде зерттеуді қамтиды. Мұндай кешенді көзқарас баланың даму профилін анықтауға, оның жеке білім беру қажеттіліктерін нақтылауға және тиімді педагогикалық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Заманауи ғылыми-педагогикалық тәжірибеде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дамуындағы бұзылыстарды нақты анықтау үшін дифференциалды диагностика маңызды рөл атқарады. Дифференциалды диагностика ұқсас белгілері бар даму бұзылыстарын бір-бірінен ажыратуға, баланың даму ерекшеліктерін дәл анықтауға және түзете-дамыту жұмысының дұрыс бағытын таңдауға мүмкіндік береді. Бұл үдеріс баланың жеке даму мүмкіндіктерін ескеріп, оның әлеуетін тиімді қолдауға бағытталған.

Сонымен қатар қазіргі білім беру жүйесінде ерте диагностика және ерте қолдау қағидаттарының маңызы артып келеді. Баланың дамуындағы ауытқуларды ерте кезеңде анықтау және дер кезінде психологиялық-педагогикалық көмек көрсету оның әрі қарайғы дамуына, әлеуметтенуіне және білім алуына оң әсер етеді. Осыған байланысты білім беру ұйымдарының педагогтері балалардың даму ерекшеліктерін кәсіби деңгейде диагностикалай алуы, диагностикалық нәтижелерді талдауы және соның негізінде түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын анықтай алуы қажет.

Қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық диагностика саласында заманауи әдістер мен технологияларды қолдану кеңінен дамып келеді. Диагностикалық әдістемелерді тиімді пайдалану, даму динамикасын жүйелі бақылау, алынған деректерді талдау және соның негізінде педагогикалық шешімдер қабылдау мамандардың кәсіби қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау жүйесінде пәнаралық өзара әрекет маңызды орын алады. Педагог-психолог, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог және ата-аналардың бірлескен жұмысы баланың даму ерекшеліктерін жан-жақты бағалауға және оған кешенді қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Мұндай командалық жұмыс баланың дамуындағы қиындықтарды нақты анықтауға және тиімді педагогикалық қолдау стратегияларын әзірлеуге жағдай жасайды.

Осыған байланысты педагог мамандардың психологиялық-педагогикалық диагностика саласындағы кәсіби құзыреттерін дамыту, балалардың даму ерекшеліктерін кешенді бағалау дағдыларын қалыптастыру және дифференциалды диагностика негізінде түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау дағдыларын жетілдіру ерекше маңызға ие.

Осы өзекті мәселелерді ескере отырып педагогикалық қызметкерлерге арналған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсының «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық диагностикалау және түзету-дамыту жұмысын ұйымдастыру» тақырыбындағы оқу бағдарламасы әзірленді.

Бағдарлама педагогтердің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін кәсіби тұрғыда диагностикалау, дифференциалды диагностика жүргізу, диагностикалық нәтижелерді талдау және түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын анықтау бойынша теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бағдарлама мазмұнында балалардың даму ерекшеліктерін кешенді бағалау, психологиялық-педагогикалық диагностика әдістерін қолдану, диагностикалық нәтижелерді талдау, түзете-дамыту жұмысының бағыттарын жоспарлау және білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін тиімді ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Бағдарламада психологиялық-педагогикалық диагностика саласының келесі өзекті бағыттарына басымдық беріледі:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін кешенді бағалау;
- психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізудің ғылыми-әдістемелік негіздері;
- дифференциалды диагностика қағидаттары мен әдістері;

- баланың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын диагностикалау;
- диагностикалық деректерді талдау және даму динамикасын бағалау;
- диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау;
- пәнаралық команда құрамында кәсіби өзара әрекет және ата-аналармен серіктестік.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, сондай-ақ Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауды, инклюзивті білім беруді дамыту мен педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруды білім беру жүйесінің стратегиялық басымдықтарының бірі ретінде айқындайды.

Бағдарлама мазмұны тыңдаушыларға:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін ғылыми негізде диагностикалауға;
- психологиялық-педагогикалық диагностика әдістерін кәсіби қызметінде қолдануға;
- дифференциалды диагностика жүргізу дағдыларын меңгеруге;
- диагностикалық нәтижелерді талдауға және даму динамикасын бағалауға;
- түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын анықтауға;
- пәнаралық командамен және ата-аналармен кәсіби өзара әрекет орнатуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны әзірлеуге негіз болған факторлар:

- инклюзивті білім беру жүйесінің қарқынды дамуы;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының артуы;
- балалардың даму ерекшеліктерін ерте кезеңде диагностикалау қажеттілігі;
- психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру қажеттілігі;
- диагностикалық қызметте заманауи әдістер мен технологияларды қолданудың маңыздылығы.

Курсты әзірлеу барысында республика өңірлеріндегі білім беру ұйымдарының педагог-психологтары, логопедтері, дефектологтары және педагогикалық қызметкерлері арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама психологиялық-педагогикалық диагностика саласындағы өзекті мәселелерді, мамандардың кәсіби қажеттіліктерін және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды диагностикалау бойынша білімдерін жетілдіру қажеттілігін анықтауға бағытталды.

Сауалнама нәтижелері бойынша мамандардың басым бөлігі балалардың даму ерекшеліктерін кәсіби деңгейде диагностикалау, дифференциалды

диагностика жүргізу және диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау бойынша білімдерін жетілдіру қажеттігін көрсетті.

Атап айтқанда, сауалнамаға қатысқан педагогикалық қызметкерлердің:

– 74% – балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау әдістерін меңгеру қажеттігін;

– 69% – дифференциалды диагностика жүргізу және ұқсас даму бұзылыстарын ажырату дағдыларын дамыту қажеттігін;

– 63% – диагностикалық нәтижелерді талдау және даму динамикасын бағалау тәсілдерін меңгергісі келетінін;

– 58% – диагностикалық құралдар мен әдістемелерді кәсіби қызметінде тиімді қолдану бойынша білімін жетілдіру қажеттігін;

– 55% – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен түзете-дамыту жұмысының тиімді бағыттарын анықтау тәсілдерін меңгергісі келетінін көрсетті.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, бағдарлама мазмұны төмендегі негізгі бағыттарды қамтиды:

– психологиялық-педагогикалық диагностиканың теориялық-әдіснамалық негіздері;

– балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау;

– дифференциалды диагностика жүргізу тәсілдері;

– диагностикалық деректерді талдау және даму динамикасын бағалау;

– диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау;

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауда пәнаралық өзара әрекет;

– ата-аналармен кәсіби серіктестік және кеңес беру.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері педагог мамандардың психологиялық-педагогикалық диагностика саласындағы кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған оқу бағдарламасын әзірлеудің өзектілігін айқындады. Осы қажеттіліктерді ескере отырып, «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық диагностикалау және түзету-дамыту жұмысын ұйымдастыру» тақырыбындағы оқу бағдарламасының мазмұны педагогтердің практикалық сұраныстарына сәйкес құрылды.

Курс аяқталғаннан кейін педагогикалық қызметкер:

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін кәсіби деңгейде диагностикалай алады;

– дифференциалды диагностика жүргізу тәсілдерін қолданады;

– диагностикалық нәтижелерді талдап, баланың даму динамикасын бағалай алады;

– диагностикалық деректер негізінде түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын анықтайды;

- пәнаралық командамен және ата-аналармен кәсіби өзара әрекет орнатады;
- психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін ұйымдастыруда заманауи тәсілдерді қолданады.

Бағдарлама келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделеді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

– Инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамалық негіздері;

– «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы»

ҚР БҒМ №4 бұйрығы;

– «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» №92 бұйрық;

– арнайы педагогика және инклюзивті білім беру саласындағы әдістемелік ұсынымдар.

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық диагностикалау және түзету-дамыту жұмысын ұйымдастыру» тақырыбындағы бұл оқу бағдарламасы педагогтердің диагностикалық құзыреттерін дамытуға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды кәсіби деңгейде бағалауға және олардың дамуын тиімді қолдауға бағытталған өзекті әрі тәжірибеге бағдарланған оқу бағдарламасы болып табылады.

## 2. Глоссарий

Диагностика	Баланың даму деңгейін, жеке ерекшеліктерін және білім беру қажеттіліктерін анықтауға бағытталған психологиялық-педагогикалық зерттеу үдерісі.
Психологиялық-педагогикалық диагностика	Баланың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық, әлеуметтік және мінез-құлық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған кешенді бағалау жүйесі.
Дифференциалды диагностика	Дамуында ұқсас белгілері бар бұзылыстарды бір-бірінен ажырату мақсатында жүргізілетін диагностикалық талдау.
Ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ)	Баланың даму ерекшеліктеріне байланысты арнайы педагогикалық қолдауды қажет ететін білім беру қажеттіліктері.
Даму диагностикасы	Баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес даму деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін бағалау үдерісі.
Кешенді бағалау	Баланың даму салаларын (танымдық, сөйлеу, эмоционалдық, әлеуметтік, моторлық) жан-жақты зерттеу арқылы жүргізілетін диагностика.
Даму динамикасы	Баланың белгілі бір уақыт аралығындағы дамуындағы өзгерістер мен жетістіктердің көрсеткіші.
Диагностикалық әдістеме	Баланың даму ерекшеліктерін анықтауға арналған ғылыми негізделген зерттеу құралдары мен тәсілдері.
Диагностикалық құралдар	Психологиялық-педагогикалық зерттеу жүргізуге арналған тесттер, бақылау карталары, сауалнамалар және бағалау материалдары.
Диагностикалық қорытынды	Баланың даму ерекшеліктерін, қиындықтарын және білім беру қажеттіліктерін сипаттайтын психологиялық-педагогикалық талдау нәтижесі.
Даму профилі	Баланың түрлі даму салалары бойынша көрсеткіштерін сипаттайтын кешенді талдау нәтижесі.
Түзете-дамыту жұмысы	Баланың дамуындағы қиындықтарды түзетуге және оның даму мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған арнайы педагогикалық жұмыс.
Психологиялық-педагогикалық қолдау	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дамуын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылатын кешенді мамандар көмегі.

Жеке даму бағдарламасы (ЖДБ)	Баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып әзірленетін жеке білім беру және түзете-дамыту жоспары.
Мониторинг	Баланың даму динамикасын жүйелі бақылау және нәтижелерін талдау үдерісі.
Инклюзивті білім беру	Барлық балалардың, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру ортасында бірге білім алуын қамтамасыз ететін білім беру жүйесі.
Пәнаралық команда	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау мақсатында бірлесіп жұмыс істейтін мамандар тобы (педагог-психолог, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог және т.б.).
Скринингтік диагностика	Баланың дамуындағы ықтимал ауытқуларды ерте кезеңде анықтауға бағытталған бастапқы диагностикалық тексеру.
Бағалау критерийлері	Баланың даму деңгейін анықтауға арналған нақты көрсеткіштер мен өлшемдер жүйесі.
Педагогикалық интервенция	Баланың дамуындағы қиындықтарды жеңілдету немесе түзету мақсатында қолданылатын педагогикалық әсер ету әдістері.
Кәсіби рефлексия	Маманның өз кәсіби әрекетін талдауы, бағалауы және жетілдіру жолдарын анықтауы.

### 3. Бағдарламаның тақырыптық бағыты

Ұсынылып отырған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін кешенді бағалау, психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу және диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының мазмұнын ғылыми негізде айқындау мен жоспарлау мәселелерін жетілдіруге бағытталған. Қазіргі білім беру кеңістігінде инклюзивті білім берудің қарқынды дамуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының артуы және психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінің кеңеюі педагог мамандардан диагностикалық қызметті жүйелі, дәлелді және нәтижеге бағдарланған түрде ұйымдастыруды талап етеді.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы, білім беру жүйесінің жаңаруы және инклюзивті білім беру қағидаттарының енгізілуі балалардың даму ерекшеліктерін кәсіби тұрғыда кешенді бағалау қажеттілігін арттыруда. Осыған байланысты білім беру ұйымдарындағы педагогтердің қызметі тек оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырумен шектелмей, баланың жеке даму

ерекшеліктерін анықтау, оның білім беру қажеттіліктерін нақты бағалау, диагностикалық деректерді талдау және түзете-дамыту жұмысының тиімді мазмұнын жоспарлаумен тығыз байланысты.

Курстың мақсаты – педагог мамандардың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін кешенді бағалау, психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу және диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының мазмұнын жоспарлау бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамыту. Осы бағытта педагог төмендегідей дағдыларды меңгереді:

- балалардың даму ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық тұрғыда кешенді диагностикалау;

- даму бұзылыстарының ерекшеліктерін ажырату және оларды кәсіби тұрғыда талдау;

- диагностикалық деректерді жүйелеу, талдау және баланың даму динамикасын бағалау;

- диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының мазмұнын жоспарлау;

- пәнаралық команда құрамында кәсіби өзара әрекет орнату;

- ата-аналарға баланың даму ерекшеліктері бойынша ғылыми негізделген кеңес беру.

Курста қамтылатын негізгі бағыттар:

- Психологиялық-педагогикалық диагностиканың ғылыми негіздері: балалардың даму ерекшеліктерін бағалау қағидаттары, диагностика кезеңдері, диагностикалық әдістер мен құралдар;

- Балалардың даму салаларын кешенді диагностикалау: танымдық процестерді, сөйлеу тілінің дамуын, эмоционалдық және әлеуметтік дамуды, сенсорлық және моторлық дамуды бағалау;

- Диагностикалық талдау: даму бұзылыстарының ерекшеліктерін ажырату, диагностикалық деректерді интерпретациялау;

- Диагностикалық нәтижелерді талдау: баланың даму профилін құру және даму динамикасын бағалау;

- Түзете-дамыту жұмысының мазмұнын жоспарлау: диагностикалық нәтижелер негізінде педагогикалық қолдау стратегияларын әзірлеу;

- Пәнаралық өзара әрекет: педагог-психолог, логопед, дефектолог және ата-аналармен кәсіби серіктестік негізінде жұмыс жүргізу.

Бағдарламаның жаңашылдығы:

Бағдарламада психологиялық-педагогикалық диагностиканы тек бағалау құралы ретінде емес, түзете-дамыту жұмысының мазмұнын жобалаудың негізі ретінде қарастыру ұсынылады.

Кешенді диагностикалық тәсілдерді қолдану арқылы баланың даму салалары өзара байланыста талданады және педагогикалық шешімдер нақты деректерге сүйене отырып қабылданады.

Диагностикалық деректерді жүйелі талдау негізінде түзете-дамыту жұмысының мазмұнын жоспарлау моделі ұсынылады, бұл педагогтің кәсіби қызметін нәтижеге бағыттайды.

Бағдарламада пәнаралық өзара әрекетке ерекше мән беріліп, мамандар мен ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы баланы қолдаудың тиімді стратегиялары қарастырылады.

Курс мазмұны практикалық бағыттылығымен ерекшеленіп, нақты диагностикалық жағдайларды талдау, кейс-стади әдістерін қолдану және диагностикалық қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Қазіргі уақытта біліктілікті арттыру курстарының көпшілігінде психологиялық-педагогикалық диагностика мәселелері қарастырылғанымен, олар көбіне жалпы теориялық сипатта ұсынылып, диагностикалық нәтижелерді түзете-дамыту жұмысымен жүйелі байланыстыру жеткілікті деңгейде қарастырылмайды.

Ұсынылып отырған бағдарламада диагностика, талдау және түзете-дамыту жұмысы біртұтас жүйе ретінде қарастырылып, олардың өзара байланысы нақты практикалық мазмұн арқылы ашылады.

Бағдарламаның негізгі артықшылықтары:

- теориялық білім мен практикалық диагностикалық дағдылардың үйлесімді байланысы;
- диагностикалық деректерге негізделген педагогикалық шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру;
- нақты диагностикалық жағдаяттарға негізделген практикалық тапсырмалар мен кейстердің қолданылуы;
- педагогтердің диагностикалық ойлауын және кәсіби рефлексиясын дамытуға бағытталуы;
- инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды кешенді бағалау және тиімді педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған қолданбалы сипаты.

<b>Бөлім</b>	<b>Мазмұны</b>
Диагностикалық бағалау	1-модуль аясында педагогикалық қызметкерлердің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін диагностикалау, психологиялық-педагогикалық бағалау жүргізу және дифференциалды диагностика әдістерін қолдану бойынша бастапқы кәсіби құзыреттерінің деңгейін анықтау.

1-модуль. Психологиялық-педагогикалық диагностиканың ғылыми-әдіснамалық негіздері	1.1-тақырып Психологиялық-педагогикалық диагностиканың заманауи бағыттары мен даму тенденциялары
	1.2-тақырып Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктері
	1.3-тақырып Дифференциалды диагностика: қағидағтары мен кезеңдері
	1.4-тақырып Психологиялық-педагогикалық диагностиканың әдістері мен құралдары
	1.5-тақырып Баланың даму салаларын кешенді бағалау (танымдық, сөйлеу, эмоционалдық, әлеуметтік, моторлық)
	1.6-тақырып Скринингтік диагностика және ерте анықтау
	1.7-тақырып Инклюзивті білім беру жағдайында диагностикалық қызметті ұйымдастыру
	1.8-тақырып Диагностикалық деректерді жинау және интерпретациялау
	1.9-тақырып Баланың даму динамикасын мониторингтеу
	1.10-тақырып Диагностикалық қорытынды жасау және кәсіби рефлексия
2-модуль. Балалардың даму салаларын кешенді диагностикалау	2.1-тақырып Сөйлеу тілінің дамуын диагностикалау
	2.2-тақырып Танымдық процестерді диагностикалау
	2.3-тақырып Әлеуметтік-эмоциялық дамуды диагностикалау

	2.4-тақырып Сенсорлық және моторлық дамуды диагностикалау
3-модуль. Даму бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау	3.1-тақырып Сөйлеу бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау
	3.2-тақырып Интеллектуалдық даму ерекшеліктерін диагностикалау
	3.3-тақырып Аутизм спектрінің бұзылыстарын диагностикалау
	3.4-тақырып Кешенді даму бұзылыстарын диагностикалау
4-модуль. Диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау	4.1-тақырып Диагностикалық деректерді талдау
	4.2-тақырып Баланың даму профилін құрастыру
	4.3-тақырып Жеке түзете-дамыту бағдарламасын жоспарлау
	4.4-тақырып Пәнаралық командамен және ата-аналармен жұмыс
Қорытынды бағалау	Курс барысында меңгерілген психологиялық-педагогикалық диагностикалық, талдау және түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау бойынша кәсіби құзыреттерді кешенді бағалау жүргізіледі.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

Бағдарламаның мақсаты – педагогикалық қызметкерлердің білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін кәсіби деңгейде диагностикалау, дифференциалды психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу және диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын ғылыми негізде жоспарлау және жүзеге асыру қабілетін арттыру.

Бағдарлама педагог мамандарға баланың даму ерекшеліктерін кешенді бағалауға, оның жеке даму траекториясын анықтауға, инклюзивті білім беру жағдайында тиімді кәсіби қызмет атқаруға, пәнаралық өзара әрекетті ұйымдастыруға және заманауи диагностикалық әдістер мен құралдарды қолдануға мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттерді дамытуға бағытталған.

#### Міндеттері

– психологиялық-педагогикалық диагностиканың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін және оның білім беру сапасына ықпалын ашып көрсету;

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау дағдыларын қалыптастыру;

– дифференциалды диагностика жүргізу арқылы даму бұзылыстарының ұқсас белгілерін ажырату және нақты педагогикалық шешім қабылдау тәсілдерін меңгерту;

– диагностикалық деректерді талдау және баланың даму динамикасын бағалау қабілетін дамыту;

– диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын анықтау және жеке қолдау стратегияларын жоспарлау дағдыларын қалыптастыру;

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қолдаудың тиімді педагогикалық тәсілдерін меңгерту;

– инклюзивті білім беру қағидаттарын практикада жүзеге асыру және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру;

– пәнаралық команда құрамында тиімді жұмыс істеу және ата-аналармен кәсіби серіктестік орнату құзыреттерін дамыту;

– диагностикалық қызметте заманауи әдістерді, бағалау құралдарын және мониторинг тәсілдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру;

– педагог маманның кәсіби рефлексиясын, өзін-өзі бағалау және жеке кәсіби даму траекториясын жоспарлау қабілетін дамыту.

#### Күтілетін нәтижелер

##### Курс соңында тыңдаушылар:

– психологиялық-педагогикалық диагностиканың балалардың даму ерекшеліктерін анықтаудағы рөлін және оның инклюзивті білім беру жүйесіндегі маңызын түсінеді;

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалап, алынған нәтижелерді кәсіби тұрғыда талдай алады;

– дифференциалды диагностика әдістерін қолдана отырып, даму бұзылыстарының ерекшеліктерін анықтай алады;

- диагностикалық нәтижелер негізінде баланың даму профилін құрастырып, түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын анықтай алады;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен инклюзивті білім беру жағдайында жүйелі педагогикалық жұмыс жүргізе алады;
- баланың даму динамикасына мониторинг жүргізіп, деректерге негізделген кәсіби шешім қабылдай алады;
- пәнаралық команда құрамында және ата-аналармен кәсіби серіктестік негізінде тиімді өзара әрекет жасайды;
- диагностикалық нәтижелерді педагогикалық қолдау стратегияларын жоспарлауда қолдана алады;
- өз кәсіби қызметіне рефлексия жасап, жеке кәсіби даму траекториясын жоспарлайды;
- ұлттық және халықаралық талаптарға сәйкес психологиялық-педагогикалық диагностиканы жүзеге асыруда кәсіби құзыреттерін көрсетеді.

Бұл бағдарлама педагог мамандардың диагностикалық құзыреттерін дамытуға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін ғылыми негізде анықтауға және олардың дамуын тиімді қолдауға бағытталған.

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Оқу бағдарламасы төрт модульден және қорытынды бағалаудан тұрады және педагог мамандардың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін диагностикалау, дифференциалды психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу, диагностикалық нәтижелерді талдау, түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын анықтау, инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызмет атқару және ата-аналармен жұмыс дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – психологиялық-педагогикалық диагностика саласында теориялық білімді практикалық диагностикалық дағдылармен ұштастыра отырып, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Диагностикалық бағалау

Бағдарламаның бастапқы кезеңінде 1-модуль аясында қатысушылардың психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін анықтау, дифференциалды диагностика әдістерін қолдану және түзете-дамыту жұмысының бағытын жоспарлау саласындағы бастапқы құзыреттерін анықтау мақсатында диагностикалық бағалау жүргізіледі.

Бұл нәтижелер әр модуль бойынша жеке оқу мақсаттарын, практикалық тапсырмаларды және кәсіби даму бағыттарын бейімдеуге мүмкіндік береді.

1-модуль. Психологиялық-педагогикалық диагностиканың ғылыми-теориялық негіздері

Мақсаты – Психологиялық-педагогикалық диагностика саласындағы заманауи теориялық білімді меңгерту, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін бағалау негіздерін түсіндіру арқылы педагог мамандардың кәсіби құзыреттерін дамыту.

Бұл модуль қатысушыларға диагностикалық зерттеу жүргізу, баланың даму ерекшеліктерін кешенді бағалау, дифференциалды диагностика қағидаттарын қолдану және диагностикалық деректерді кәсіби тұрғыда талдау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мазмұны

- психологиялық-педагогикалық диагностиканың теориялық негіздері;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктері;
- дифференциалды диагностика қағидаттары мен кезеңдері;
- психологиялық-педагогикалық диагностиканың әдістері мен құралдары;
- баланың даму салаларын кешенді бағалау (танымдық, сөйлеу, эмоционалдық, әлеуметтік, моторлық);
- ерте диагностика және ерте араласу қағидаттары;
- диагностикалық деректерді жинау және интерпретациялау.

Практикалық жұмысқа диагностикалық тапсырмаларды орындау, диагностикалық әдістемелерді талдау, кейс-стади қарастыру, топтық пікірталастар және диагностикалық қорытынды жасау жаттығулары кіреді.

2-модуль. Балалардың даму салаларын кешенді диагностикалау

Модульдің мақсаты – балалардың даму салаларын кешенді диагностикалау әдістерін меңгерту және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін кәсіби тұрғыда бағалау дағдыларын қалыптастыру.

Мазмұны

- сөйлеу тілінің дамуын диагностикалау;
- танымдық процестерді диагностикалау;
- эмоционалдық және әлеуметтік дамуды диагностикалау;
- сенсорлық және моторлық дамуды диагностикалау;
- даму динамикасын бақылау және мониторинг жүргізу;
- диагностикалық деректерді жүйелеу және талдау.

Практикалық жұмысқа: кейс-стади талдау, диагностикалық карталармен жұмыс, даму көрсеткіштерін бағалау, диагностикалық бақылау жүргізу және нәтижелерді интерпретациялау жаттығулары кіреді.

3-модуль. Даму бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау

Модульдің мақсаты – балалардың дамуындағы түрлі бұзылыстарды ажырату, дифференциалды диагностика жүргізу және нақты педагогикалық шешім қабылдау дағдыларын дамыту.

Мазмұны

- сөйлеу бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау;

- интеллектуалдық даму ерекшеліктерін диагностикалау;
- аутизм спектрінің бұзылыстарын диагностикалау;
- кешенді даму бұзылыстарын диагностикалау;
- даму бұзылыстарының ұқсас белгілерін ажырату;
- диагностикалық деректер негізінде педагогикалық шешім қабылдау.

Практикалық жұмысқа диагностикалық жағдайларды талдау, нақты диагностикалық кейстерді қарастыру, диагностикалық қорытынды жасау және топтық талқылау жұмыстары кіреді.

4-модуль. Диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау

Модульдің мақсаты – диагностикалық нәтижелерді талдау негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын анықтау және педагогикалық қолдау стратегияларын жоспарлау дағдыларын қалыптастыру.

Мазмұны

- диагностикалық нәтижелерді талдау және интерпретациялау;
- баланың даму профилін құрастыру;
- түзете-дамыту жұмысының бағыттарын жоспарлау;
- жеке педагогикалық қолдау стратегияларын әзірлеу;
- пәнаралық командамен және ата-аналармен кәсіби өзара әрекет;
- түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін бағалау.

Практикалық жұмысқа диагностикалық қорытынды негізінде түзете-дамыту жоспарын әзірлеу, мини-жобаларды дайындау, өзара бағалау, топтық талқылаулар және кәсіби рефлексия жаттығулары кіреді.

Қорытынды бағалау

Барлық модульдерді аяқтаған соң қатысушылар қорытынды тестілеуден өтеді және қорытынды жұмыс ұсынады (мини-жоба, кейс-стади немесе презентация).

Бағалау қатысушылардың психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу, дифференциалды диагностика қолдану, диагностикалық нәтижелерді талдау, түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау және инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызмет атқару дағдыларын меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған.

Бөлім	Тақырып	Қысқаша мазмұны
Диагностикалық бағалау	1-модуль аясында педагогикалық қызметкерлердің психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін анықтау және диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағытын белгілеу бойынша бастапқы құзыреттерін анықтау мақсатында диагностикалық бағалау жүргізіледі.	

1-модуль. Психологиялық-педагогикалық диагностиканың ғылыми-теориялық негіздері	1.1-тақырып. Психологиялық-педагогикалық диагностиканың заманауи тұжырымдамалары мен даму үрдістері	Психологиялық-педагогикалық диагностиканың ғылыми негіздері, даму бағыттары, инклюзивті білім беру жағдайындағы диагностикалық қызметтің рөлі және балалардың даму ерекшеліктерін зерттеудің заманауи әдістері қарастырылады.
	1.2-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау	Балалардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық, әлеуметтік және моторлық даму салаларын кешенді бағалау әдістері, диагностикалық құралдар және педагог маманның диагностикалық қызметі қарастырылады.
	1.3-тақырып. Дифференциалды диагностика: теориялық негіздері мен қағидаттары	Дифференциалды диагностика ұғымы, даму бұзылыстарының ұқсас белгілерін ажырату тәсілдері, диагностикалық қорытынды жасау қағидаттары қарастырылады.
	1.4-тақырып. Психологиялық-педагогикалық диагностикадағы заманауи әдістер мен құралдар	Диагностикалық әдістемелер, бақылау, тестілеу, сауалнама, әңгімелесу және баланың даму көрсеткіштерін бағалаудың заманауи құралдары қарастырылады.
	1.5-тақырып. Балалардың даму динамикасын мониторингтеу және бағалау	Баланың даму деңгейін бағалау критерийлері, мониторинг жүргізу әдістері және диагностикалық нәтижелерді жүйелі бақылау тәсілдері қарастырылады.
	1.6-тақырып. Пәнаралық команда құрамында диагностикалық жұмыс жүргізу	Педагог-психолог, логопед, дефектолог және ата-аналармен бірлескен диагностикалық жұмыс ұйымдастыру тәсілдері қарастырылады.
	1.7-тақырып. Тиімді кәсіби коммуникация және ата-аналармен жұмыс	Ата-аналармен тиімді коммуникация орнату, диагностикалық нәтижелерді түсіндіру және кәсіби кеңес беру тәсілдері қарастырылады.
	1.8-тақырып. Диагностикалық деректерді талдау және интерпретациялау	Диагностикалық нәтижелерді жүйелеу, талдау және педагогикалық шешім қабылдауда деректерді қолдану тәсілдері қарастырылады.
	1.9-тақырып. Педагог маманның кәсіби рефлексиясы және тәжірибе алмасу	Кәсіби рефлексия жүргізу, диагностикалық тәжірибені талдау және әріптестермен тәжірибе алмасу тәсілдері қарастырылады.
	1.10-тақырып. Психологиялық-педагогикалық	Диагностикалық құралдардың тиімділігін бағалау, диагностикалық

	алық диагностика құралдары және олардың тиімділігі	әдістемелерді таңдау және қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар қарастырылады.
2-модуль. Балалардың даму салаларын кешенді диагностикалау	2.1-тақырып. Танымдық даму ерекшеліктерін диагностикалау	Балалардың ойлау, зейін, ес, қабылдау және танымдық процестерін диагностикалау әдістері қарастырылады.
	2.2-тақырып. Сөйлеу тілінің дамуын диагностикалау	Балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін анықтау, сөйлеу тілінің даму деңгейін бағалау және диагностикалық әдістер қарастырылады.
	2.3-тақырып. Эмоционалдық және әлеуметтік дамуды диагностикалау	Балалардың эмоционалдық жағдайын, әлеуметтік бейімделуін және коммуникативтік дағдыларын бағалау әдістері қарастырылады.
	2.4-тақырып. Сенсорлық және моторлық дамуды диагностикалау	Балалардың сенсорлық қабылдауын, жалпы және ұсақ моторикасын диагностикалау әдістері қарастырылады.
3-модуль. Даму бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау	3.1-тақырып. Сөйлеу бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау	Сөйлеу бұзылыстарының түрлерін анықтау, ұқсас белгілерді ажырату және диагностикалық қорытынды жасау тәсілдері қарастырылады.
	3.2-тақырып. Интеллектуалдық даму ерекшеліктерін диагностикалау	Интеллектуалдық даму деңгейін бағалау, танымдық даму бұзылыстарын анықтау әдістері қарастырылады.
	3.3-тақырып. Аутизм спектрі бұзылыстарын диагностикалау	Аутизм спектрі бұзылыстарының ерекшеліктері, диагностикалық белгілер және бағалау әдістері қарастырылады.
	3.4-тақырып. Кешенді даму бұзылыстарын диагностикалау	Бірнеше даму бұзылыстары қатар кездесетін жағдайларда кешенді диагностикалық бағалау тәсілдері қарастырылады.
4-модуль. Диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау	4.1-тақырып. Диагностикалық нәтижелерді талдау және баланың даму профилін құрастыру	Диагностикалық деректерді талдау, баланың даму профилін құру және оның білім беру қажеттіліктерін анықтау тәсілдері қарастырылады.
	4.2-тақырып. Түзете-дамыту жұмысының бағыттарын жоспарлау	Диагностикалық нәтижелер негізінде педагогикалық қолдау стратегияларын және түзете-дамыту жұмысының бағыттарын жоспарлау қарастырылады.
	4.3-тақырып. Жеке даму бағдарламасын (ЖДБ, ИОП) әзірлеу	Баланың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып жеке даму

		бағдарламасын құру және жүзеге асыру тәсілдері қарастырылады.
	4.4-тақырып. Пәнаралық командамен және ата-аналармен түзете-дамыту жұмысы	Педагог мамандардың және ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы баланың дамуын қолдау стратегиялары қарастырылады.
Қорытынды бағалау	Курс барысында меңгерілген диагностикалық құзыреттер, балалардың даму ерекшеліктерін диагностикалау және диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау дағдыларының қалыптасу деңгейі бағаланады. Қорытынды бағалау тест, мини-жоба, кейс-стади немесе презентация форматында жүргізіледі.	

**80 академиялық сағатқа арналған аудиториялық  
курстың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтардың тақырыптары	Дәріс	Практикалық сабақ	Демо-сабақ / Жоба қорғау	Тестілеу / тәжірибе	Барлығы
	<b>Диагностикалық бағалау</b>				1	1
<b>1</b>	<b>1-модуль. Психологиялық-педагогикалық диагностиканың ғылыми-теориялық негіздері</b>	<b>14</b>	<b>22</b>	<b>2</b>		<b>38</b>
1.1	Психологиялық-педагогикалық диагностиканың заманауи тұжырымдамалары мен даму үрдістері	1	1			2
1.2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау	2	4			6
1.3	Дифференциалды диагностика: теориялық негіздері мен қағидаттары	2	4			6
1.4	Психологиялық-педагогикалық диагностикадағы заманауи әдістер мен құралдар	2	2			4

1.5	Балалардың даму динамикасын мониторингтеу және бағалау	2	2			4
1.6	Пәнаралық команда құрамында диагностикалық жұмыс жүргізу	2	2			4
1.7	Тиімді кәсіби коммуникация және ата-аналармен жұмыс	2	2	2		6
1.8	Диагностикалық деректерді талдау және интерпретациялау		2			2
1.9	Педагог маманның кәсіби рефлексиясы және тәжірибе алмасу		2			2
1.10	Психологиялық-педагогикалық диагностика құралдары және олардың тиімділігі		2			2
<b>2</b>	<b>2-модуль. Балалардың даму салаларын кешенді диагностикалау</b>	<b>6</b>	<b>10</b>			<b>16</b>
2.1	Танымдық даму ерекшеліктерін диагностикалау	2	3			5
2.2	Сөйлеу тілінің дамуын диагностикалау	2	3			5
2.3	Эмоционалдық және әлеуметтік дамуды диагностикалау	1	2			3
2.4	Сенсорлық және моторлық дамуды диагностикалау	1	2			3
<b>3</b>	<b>3-модуль. Даму бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау</b>	<b>4</b>	<b>6</b>	<b>4</b>		<b>14</b>
3.1	Сөйлеу бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау	1	2	1		4
3.2	Интеллектуалдық даму ерекшеліктерін диагностикалау	1	1	1		3

3.3	Аутизм спектрі бұзылыстарын диагностикалау	1	1	1		3
3.4	Кешенді даму бұзылыстарын диагностикалау	1	2	1		4
<b>4</b>	<b>4-модуль. Диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау</b>		<b>6</b>	<b>4</b>		<b>10</b>
4.1	Диагностикалық нәтижелерді талдау және баланың даму профилін құрастыру		2	1		3
4.2	Түзете-дамыту жұмысының бағыттарын жоспарлау		2	1		3
4.3	Жеке даму бағдарламасын (ЖДБ, ИОП) әзірлеу		1	1		2
4.4	Пәнаралық командамен және ата-аналармен түзете-дамыту жұмысы		1	1		2
	<b>Қорытынды бағалау</b>				1	1
	<b>Барлығы</b>	<b>24</b>	<b>44</b>	<b>10</b>	<b>2</b>	<b>80</b>

## 6. Оқу процесін ұйымдастыру

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға дифференциалды психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізуге арналған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары онлайн және офлайн форматында бекітілген оқу жоспары негізінде жүргізіледі.

Оқу жүктемесінің көлемі төмендегі модульдер бойынша бөлінеді:

- 1-модуль «Психологиялық-педагогикалық диагностиканың ғылыми-теориялық негіздері» – 38 сағат;
- 2-модуль «Балалардың даму салаларын кешенді диагностикалау» – 16 сағат;
- 3-модуль «Даму бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау» – 14 сағат;

- 4-модуль «Диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау» – 10 сағат;
- Диагностикалық бағалау – 1 сағат;
- Қорытынды бағалау – 1 сағат.

Курс мазмұны жалпы білім беретін мектептердің, мектепке дейінгі ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған білім беру ұйымдарының педагогтеріне, педагог-психологтарға, логопедтерге, дефектологтарға, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарына, ПМПК және ППТК мамандарына балалардың даму ерекшеліктерін кәсіби деңгейде диагностикалау, дифференциалды диагностика жүргізу, диагностикалық нәтижелерді талдау және түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын анықтау үшін қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Оқу процесі интерактивті және тәжірибеге бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдерге сүйене отырып ұйымдастырылады.

Дәріс форматы

- түсіндірмелі дәрістер;
- интерактивті және пікірталасқа құрылған дәрістер;
- онлайн веб-дәрістер (бейне және мультимедиалық материалдарды қолдану).

Семинарлар

- тақырыптық талқылаулар;
- топтық жұмыс;
- кейс-талдау;
- балалардың даму ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық диагностикалау құралдарын талдау.

Практикалық сабақтар

- диагностикалық материалдарды талдау;
- диагностикалық әдістемелерді қолдану;
- нақты жағдайларды (кейс) талдау;
- диагностикалық деректерді интерпретациялау;
- цифрлық құралдармен практикалық жұмыс;
- психологиялық-педагогикалық диагностиканың нәтижелерін талдау және түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау.

Онлайн білім беру құралдары

- вебинарлар;
- цифрлық платформа материалдары;
- электронды ресурстар.

Сарапшы пікірлері

- психологиялық-педагогикалық диагностика саласындағы заманауи тәсілдер бойынша шеберлік сыныптары;
- тренингтер;
- кәсіби кездесулер.

Оқу процесінің ерекшеліктері

Бағалау жүйесі формативті және жиынтық бағалау қағидастарына негізделеді. Тыңдаушылардың кәсіби жетістіктері оқу нәтижелерімен, практикалық тапсырмаларды орындау сапасымен және кәсіби жағдайларды талдау барысында көрсетілген диагностикалық дағдыларымен бағаланады.

Практикалық жұмыстар

Практикалық жұмыс 1. «Психологиялық-педагогикалық диагностиканы жоспарлау»

Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық диагностикалық жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін анықтау, диагностикалық зерттеу кезеңдерін жоспарлау.

Практикалық жұмыс 2. «Балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау»

Балалардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және әлеуметтік даму ерекшеліктерін анықтауға арналған диагностикалық әдістерді талдау.

Практикалық жұмыс 3. «Дифференциалды диагностика жүргізу»

Ұқсас белгілері бар даму бұзылыстарын ажырату және диагностикалық қорытынды жасау алгоритмін әзірлеу.

Практикалық жұмыс 4. «Диагностикалық әдістемелерді қолдану»

Балалардың даму ерекшеліктерін бағалауда қолданылатын диагностикалық әдістемелермен практикалық жұмыс жүргізу.

Практикалық жұмыс 5. «Диагностикалық деректерді талдау»

Диагностикалық нәтижелерді жүйелеу, талдау және баланың даму профилін құрастыру.

Практикалық жұмыс 6. «Жеке даму бағдарламасын әзірлеу»

Баланың даму ерекшеліктеріне сәйкес жеке даму бағдарламасын (ЖДБ/ИОП) құрастыру.

Практикалық жұмыс 7. «Түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау»

Диагностикалық нәтижелер негізінде педагогикалық қолдау және түзете-дамыту жұмысының бағыттарын жоспарлау.

Практикалық жұмыс 8. «Пәнаралық командамен жұмыс»

Педагог-психолог, логопед, дефектолог және ата-аналармен бірлескен жұмыс моделін әзірлеу.

Практикалық жұмыс 9. «Диагностикалық кейстерді талдау»

Нақты педагогикалық жағдайларды талдау, диагностикалық қорытынды жасау және шешім қабылдау.

Практикалық жұмыс 10. «Педагог маманның кәсіби портфолиосын әзірлеу»  
Диагностикалық материалдар, талдау нәтижелері және практикалық жұмыстар негізінде кәсіби портфолио құрастыру.

Ұсынылған практикалық жұмыстар тыңдаушылардың психологиялық-педагогикалық диагностикалық, талдау, түзете-дамыту, пәнаралық өзара әрекеттесу және кәсіби рефлексия құзыреттерін кешенді түрде дамытуға бағытталған. Әрбір жұмыс нақты білім беру ұйымдарындағы тәжірибеге негізделіп, балалардың даму ерекшеліктерін диагностикалау, диагностикалық нәтижелерді талдау және түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын анықтау дағдыларын заманауи тәсілдер арқылы қолдануға мүмкіндік береді.

## 7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Курс 1-модуль

«Психологиялық-педагогикалық диагностиканың ғылыми-теориялық негіздері» Модульдің өзектілігі

Қазіргі білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді дамыту, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуына қолжетімді жағдай жасау және олардың даму ерекшеліктерін уақтылы анықтау психологиялық-педагогикалық диагностиканың маңызын арттыруда. Білім беру ұйымдарында балалардың дамуындағы ауытқуларды ерте кезеңде анықтау, олардың жеке білім беру қажеттіліктерін нақты бағалау және тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін ғылыми негізделген диагностикалық қызметті ұйымдастыру ерекше өзектілікке ие.

Соңғы жылдары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының артуы, сондай-ақ балалардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және әлеуметтік дамуындағы түрлі ерекшеліктердің жиі кездесуі педагог мамандардың диагностикалық құзыреттеріне жаңа талаптар қоюда. Баланың дамуындағы қиындықтарды дұрыс анықтау және олардың себептерін талдау педагогикалық қолдаудың тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық диагностика баланың даму деңгейін кешенді бағалауға, оның білім беру қажеттіліктерін анықтауға және жеке даму траекториясын жоспарлауға мүмкіндік береді. Мұндай кешенді тәсіл баланың танымдық процестерін, сөйлеу тілін, эмоционалдық жағдайын, әлеуметтік дағдыларын және моторлық дамуын жан-жақты зерттеуді қамтиды.

Сонымен қатар білім беру жүйесінде диагностикалық қызметті ұйымдастыруда пәнаралық өзара әрекет маңызды рөл атқарады. Педагог-психолог,

логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог және ата-аналардың бірлескен жұмысы баланың даму ерекшеліктерін толық бағалауға және оған тиімді педагогикалық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Осы модуль психологиялық-педагогикалық диагностиканың ғылыми-теориялық негіздерін меңгертуге, балалардың даму ерекшеліктерін кешенді бағалау әдістерін түсіндіруге және педагог мамандардың кәсіби диагностикалық құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Модульдің міндеттері

- психологиялық-педагогикалық диагностиканың ғылыми-теориялық негіздері мен даму бағыттарын жүйелі түрде меңгерту;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау туралы ғылыми негізделген білім қалыптастыру;
- балалардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық, әлеуметтік және моторлық даму салаларын зерттеу әдістерін меңгерту;
- психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізудің заманауи әдістері мен құралдарын қолдану дағдыларын дамыту;
- диагностикалық деректерді талдау және интерпретациялау арқылы педагогикалық шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру;
- баланың даму динамикасын мониторингтеу және бағалау тәсілдерін меңгерту;
- пәнаралық команда құрамында диагностикалық жұмыс жүргізу және ата-аналармен тиімді кәсіби коммуникация орнату дағдыларын дамыту;
- педагог маманның кәсіби рефлексиясын қалыптастыру және диагностикалық қызметті жетілдіруге бағытталған кәсіби даму негіздерін қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер

Модульді аяқтаған тыңдаушылар:

- психологиялық-педагогикалық диагностиканың ғылыми-теориялық негіздерін және оның білім беру жүйесіндегі маңызын түсінеді;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалаудың әдістерін меңгереді;
- балалардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және әлеуметтік даму салаларын бағалау тәсілдерін қолдана алады;
- диагностикалық әдістемелер мен құралдарды кәсіби қызметінде тиімді пайдалана алады;
- диагностикалық нәтижелерді талдап, баланың даму деңгейі мен білім беру қажеттіліктерін анықтай алады;
- баланың даму динамикасын бағалап, диагностикалық деректер негізінде педагогикалық шешім қабылдай алады;

– пәнаралық команда құрамында және ата-аналармен кәсіби өзара әрекет жасай алады;

– кәсіби рефлексия жүргізіп, психологиялық-педагогикалық диагностиканы жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген шешімдер қабылдай алады.

<b>Модуль тақырыптары</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>Нәтижелері</b>
1.1-тақырып Психологиялық-педагогикалық диагностиканың заманауи тұжырымдамалары мен даму үрдістері	Психологиялық-педагогикалық диагностиканың ғылыми негіздері, балалардың даму ерекшеліктерін зерттеудің заманауи бағыттары, инклюзивті білім беру жағдайындағы диагностикалық қызметтің рөлі және білім беру ұйымдарындағы диагностикалық жұмыстың жаңа әдістемелік тәсілдері	Тыңдаушылар психологиялық-педагогикалық диагностиканың заманауи бағыттарын және инклюзивті білім беру жағдайындағы диагностикалық қызметтің маңызын түсінеді және оларды кәсіби қызметінде қолдана алады
1.2-тақырып Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау	Балалардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық, әлеуметтік және моторлық даму ерекшеліктерін анықтау әдістері, диагностикалық құралдар, кешенді бағалау қағидаттары және педагог маманның диагностикалық қызметі	Тыңдаушылар балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау әдістерін меңгереді және баланың даму деңгейін кәсіби тұрғыда бағалай алады
1.3-тақырып Дифференциалды диагностика: теориялық негіздері мен қағидаттары	Дифференциалды диагностика ұғымы, ұқсас белгілері бар даму бұзылыстарын ажырату тәсілдері, диагностикалық қорытынды жасау қағидаттары	Тыңдаушылар дифференциалды диагностика жүргізу принциптерін меңгереді және даму бұзылыстарын ажырата алады
1.4-тақырып Психологиялық-педагогикалық диагностикадағы заманауи әдістер мен құралдар	Бақылау, тестілеу, сауалнама, әңгімелесу, диагностикалық карталар және баланың даму көрсеткіштерін бағалаудың заманауи әдістері	Тыңдаушылар диагностикалық әдістемелер мен құралдарды кәсіби қызметінде тиімді қолдана алады
1.5-тақырып Балалардың даму динамикасын мониторингтеу және бағалау	Баланың даму деңгейін бағалау критерийлері, мониторинг жүргізу әдістері, диагностикалық нәтижелерді жүйелі бақылау және даму динамикасын талдау	Тыңдаушылар балалардың даму динамикасын бағалай алады және мониторинг нәтижелерін педагогикалық шешім қабылдауда қолданады
1.6-тақырып Пәнаралық команда құрамында диагностикалық жұмыс жүргізу	Педагог-психолог, логопед, дефектолог және ата-аналармен бірлескен диагностикалық жұмыс ұйымдастыру тәсілдері	Тыңдаушылар пәнаралық команда құрамында тиімді жұмыс істейді және кешенді диагностикалық қызметті ұйымдастыра алады
1.7-тақырып Тиімді кәсіби коммуникация	Ата-аналармен кәсіби коммуникация орнату, диагностикалық нәтижелерді	Тыңдаушылар ата-аналармен тиімді кәсіби қарым-қатынас орната алады және

және ата-аналармен жұмыс	түсіндіру және кеңес беру тәсілдері	диагностикалық нәтижелер бойынша кеңес береді
1.8-тақырып Диагностикалық деректерді талдау және интерпретациялау	Диагностикалық нәтижелерді жүйелеу, талдау және педагогикалық шешім қабылдауда деректерді қолдану тәсілдері	Тыңдаушылар диагностикалық деректерді талдай алады және оларды педагогикалық шешім қабылдауда қолданады
1.9-тақырып Педагог маманның кәсіби рефлексиясы және тәжірибе алмасу	Кәсіби тәжірибені талдау, өзін-өзі бағалау, рефлексия әдістері және әріптестермен тәжірибе алмасу	Тыңдаушылар кәсіби рефлексия жүргізеді және тәжірибе алмасу арқылы кәсіби дамуын жетілдіреді
1.10-тақырып Психологиялық-педагогикалық диагностика құралдары және олардың тиімділігі	Диагностикалық құралдардың тиімділігін бағалау, диагностикалық әдістемелерді таңдау және қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар	Тыңдаушылар диагностикалық құралдардың тиімділігін бағалай алады және диагностикалық нәтижелер негізінде кәсіби шешім қабылдай алады

## 2–Модуль «Балалардың даму салаларын кешенді диагностикалау»

### Модульдің өзектілігі

Инклюзивті білім беру кеңістігінің дамуы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін уақтылы анықтау және оларды қолдаудың тиімді механизмдерін енгізуді талап етеді. Осыған байланысты білім беру ұйымдарында балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау педагогикалық қолдау жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналууда.

Қазіргі уақытта білім беру ұйымдарында балалардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық, әлеуметтік және моторлық дамуындағы түрлі ерекшеліктердің жиі кездесуі педагог мамандардың диагностикалық құзыреттеріне жоғары талаптар қоюда. Баланың дамуындағы қиындықтарды дәл анықтау және оның даму деңгейін кешенді бағалау түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын белгілеуге мүмкіндік береді.

Балалардың даму салаларын кешенді диагностикалау барысында дәстүрлі диагностикалық әдістермен қатар заманауи психологиялық-педагогикалық диагностикалық құралдарды, бақылау-талдау тәсілдерін және цифрлық диагностикалық ресурстарды қолдану маңызды болып табылады. Мұндай тәсілдер баланың даму профилін анықтауға, оның білім беру қажеттіліктерін нақтылауға және тиімді педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасайды.

Бұл модуль педагог мамандардың балалардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық, әлеуметтік және моторлық даму салаларын кешенді диагностикалау дағдыларын қалыптастыруға, диагностикалық нәтижелерді талдау және оларды педагогикалық қолдау жүйесінде қолдану қабілеттерін дамытуға бағытталған.

### Модульдің міндеттері

- балалардың танымдық даму ерекшеліктерін диагностикалау әдістерін меңгерту;
- балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін бағалау тәсілдерін қарастыру;
- балалардың эмоционалдық және әлеуметтік даму ерекшеліктерін диагностикалау әдістерін меңгерту;
- балалардың сенсорлық және моторлық дамуын зерттеу тәсілдерін түсіндіру;
- диагностикалық деректерді талдау және баланың даму деңгейін бағалау дағдыларын қалыптастыру;
- психологиялық-педагогикалық диагностика нәтижелерін педагогикалық қолдау жұмыстарында қолдану дағдыларын дамыту.

### Күтілетін нәтижелер

#### Модульді аяқтаған тыңдаушылар:

- балалардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және әлеуметтік даму ерекшеліктерін диагностикалау әдістерін меңгереді;
- баланың даму деңгейін кешенді түрде бағалай алады;
- диагностикалық әдістемелер мен құралдарды кәсіби қызметінде тиімді қолдана алады;
- диагностикалық нәтижелерді талдап, баланың даму ерекшеліктерін анықтай алады;
- диагностикалық деректер негізінде педагогикалық қолдау бағыттарын айқындай алады;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған диагностикалық жұмысты кәсіби деңгейде ұйымдастыра алады.

<b>Модульдің тақырыптары</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>Нәтижелері</b>
2.1-тақырып Танымдық даму ерекшеліктерін диагностикалау	Балалардың ойлау, зейін, ес, қабылдау және танымдық процестерін диагностикалау әдістері, танымдық даму деңгейін бағалау критерийлері және диагностикалық тапсырмалар	Тыңдаушылар балалардың танымдық даму ерекшеліктерін анықтау әдістерін қолданады, диагностикалық нәтижелерді талдайды және танымдық даму деңгейін кәсіби тұрғыда бағалай алады
2.2-тақырып Сөйлеу тілінің дамуын диагностикалау	Балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін анықтау, фонетикалық, фонематикалық, лексикалық және грамматикалық даму деңгейін бағалау әдістері, сөйлеу тілін диагностикалау құралдары	Тыңдаушылар балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін диагностикалай алады, сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерді анықтайды және диагностикалық нәтижелерді кәсіби тұрғыда талдай алады
2.3-тақырып Эмоционалдық және	Балалардың эмоционалдық жағдайын, әлеуметтік бейімделуін	Тыңдаушылар балалардың эмоционалдық және әлеуметтік

әлеуметтік дамуды диагностикалау	және коммуникативтік дағдыларын бағалау әдістері, бақылау және диагностикалық әдістемелер	даму ерекшеліктерін анықтай алады және олардың әлеуметтік бейімделу деңгейін диагностикалық әдістер арқылы бағалай алады
2.4-тақырып Сенсорлық және моторлық дамуды диагностикалау	Балалардың сенсорлық қабылдауын, жалпы және ұсақ моторикасын диагностикалау әдістері, сенсорлық және моторлық даму деңгейін бағалау тәсілдері	Тыңдаушылар балалардың сенсорлық және моторлық даму ерекшеліктерін диагностикалай алады және диагностикалық нәтижелер негізінде баланың даму деңгейін анықтай алады

### 3–Модуль «Даму бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау»

#### Модульдің өзектілігі

Қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін дәл анықтау және олардың дамуындағы қиындықтардың себептерін ажырату педагогикалық қолдау жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Балалардың дамуындағы ұқсас белгілер түрлі даму бұзылыстарының көрінісі болуы мүмкін, сондықтан оларды дұрыс ажырату және ғылыми негізде бағалау педагог мамандардың кәсіби құзыреттеріне тікелей байланысты.

Дифференциалды диагностика балалардың дамуындағы түрлі бұзылыстардың ерекшеліктерін салыстыру арқылы олардың нақты құрылымын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл үдеріс балалардың сөйлеу, танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуындағы ерекшеліктерді кешенді түрде талдауды, диагностикалық деректерді жүйелеуді және олардың негізінде педагогикалық шешімдер қабылдауды қамтиды.

Білім беру ұйымдарында педагог-психологтар, логопедтер, дефектологтар және басқа мамандар балалардың даму ерекшеліктерін анықтау барысында ұқсас белгілері бар даму бұзылыстарын ажырату қажеттілігімен жиі кездеседі. Мысалы, сөйлеу тілінің дамуының тежелуі мен жалпы сөйлеу тілінің дамымауы, интеллектуалдық даму ерекшеліктері мен танымдық қиындықтар, аутизм спектрі бұзылыстары мен әлеуметтік-коммуникативтік қиындықтар сияқты жағдайларды дұрыс ажырату педагогикалық қолдаудың тиімділігін арттыруда ерекше маңызға ие.

Дифференциалды диагностика нәтижелері баланың даму ерекшеліктерін нақты анықтауға, оның білім беру қажеттіліктерін белгілеуге және түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл үдеріс пәнаралық команданың бірлескен жұмысын, диагностикалық нәтижелерді кәсіби тұрғыда талдауды және ғылыми негізделген шешім қабылдауды талап етеді.

Осы модуль педагог мамандардың даму бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау саласындағы кәсіби құзыреттерін дамытуға, балалардың даму ерекшеліктерін салыстырмалы талдау дағдыларын қалыптастыруға және диагностикалық нәтижелер негізінде тиімді педагогикалық қолдау стратегияларын анықтауға бағытталған.

Модульдің міндеттері

– даму бұзылыстарын дифференциалды диагностикалаудың теориялық негіздерін меңгерту;

– сөйлеу бұзылыстарының түрлерін ажырату және диагностикалау тәсілдерін қарастыру;

– интеллектуалдық даму ерекшеліктерін диагностикалау әдістерін меңгерту;

– аутизм спектрі бұзылыстарының диагностикалық ерекшеліктерін түсіндіру;

– кешенді даму бұзылыстарын анықтау және салыстырмалы талдау дағдыларын қалыптастыру;

– диагностикалық нәтижелерді кәсіби тұрғыда талдау және педагогикалық шешім қабылдау қабілетін дамыту.

Күтілетін нәтижелер

Модульді аяқтаған тыңдаушылар:

– даму бұзылыстарын дифференциалды диагностикалаудың негізгі қағидағтарын меңгереді;

– сөйлеу бұзылыстарының түрлі түрлерін ажырата алады;

– балалардың интеллектуалдық даму ерекшеліктерін диагностикалай алады;

– аутизм спектрі бұзылыстарының диагностикалық белгілерін анықтай алады;

– кешенді даму бұзылыстарын талдай алады;

– диагностикалық деректер негізінде кәсіби шешім қабылдай алады.

<b>Модульдің тақырыптары</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>Нәтижелері</b>
3.1-тақырып Сөйлеу бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау	Сөйлеу бұзылыстарының түрлері, олардың құрылымы, ұқсас белгілерін ажырату және диагностикалық қорытынды жасау тәсілдері	Тыңдаушылар сөйлеу бұзылыстарының түрлерін ажырата алады және диагностикалық әдістерді қолдана отырып сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін анықтай алады
3.2-тақырып Интеллектуалдық даму ерекшеліктерін диагностикалау	Балалардың интеллектуалдық даму деңгейін бағалау әдістері, танымдық даму бұзылыстарын анықтау тәсілдері	Тыңдаушылар балалардың интеллектуалдық даму ерекшеліктерін диагностикалай алады және танымдық даму деңгейін кәсіби тұрғыда бағалай алады
3.3-тақырып Аутизм спектрі бұзылыстарын диагностикалау	Аутизм спектрі бұзылыстарының негізгі белгілері, әлеуметтік-коммуникативтік	Тыңдаушылар аутизм спектрі бұзылыстарының диагностикалық белгілерін анықтай алады және

	ерекшеліктері және диагностикалық әдістері	оларды басқа даму бұзылыстарынан ажырата алады
3.4-тақырып Кешенді даму бұзылыстарын диагностикалау	Бірнеше даму бұзылыстары қатар кездесетін жағдайларды диагностикалау, салыстырмалы талдау және кешенді бағалау тәсілдері	Тыңдаушылар кешенді даму бұзылыстарын анықтай алады және диагностикалық нәтижелер негізінде баланың даму ерекшеліктерін кәсіби тұрғыда бағалай алады

#### 4–Модуль «Диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау»

##### Модульдің өзектілігі

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау жүйесінде психологиялық-педагогикалық диагностиканың нәтижелерін дұрыс талдау және олардың негізінде түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын анықтау ерекше маңызға ие. Баланың даму ерекшеліктерін дәл анықтау ғана емес, сонымен қатар сол деректерге сүйене отырып оның жеке даму траекториясын жоспарлау педагог мамандардың кәсіби қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып білім беру мен педагогикалық қолдау көрсету қағидаттары кеңінен қолданылуда. Осыған байланысты диагностикалық нәтижелерді талдау, баланың даму профилін құру және оның білім беру қажеттіліктерін анықтау педагогикалық жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Диагностикалық деректер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағыттарын жоспарлау баланың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталған кешенді педагогикалық шараларды қамтиды. Мұндай жұмыстар баланың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, арнайы педагогикалық әдістер мен технологияларды қолдануды талап етеді.

Сонымен қатар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс барысында пәнаралық команданың өзара әрекеті және ата-аналармен тиімді серіктестік орнату маңызды рөл атқарады. Педагог-психологтар, логопедтер, дефектологтар және ата-аналардың бірлескен жұмысы баланың дамуындағы қиындықтарды жеңуге және оның әлеуметтенуіне қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Осы модуль диагностикалық нәтижелерді талдау, баланың даму профилін анықтау, түзете-дамыту жұмысының бағыттарын жоспарлау және пәнаралық командамен бірлескен педагогикалық қолдау ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

##### Модульдің міндеттері

- диагностикалық нәтижелерді талдау және баланың даму профилін анықтау дағдыларын қалыптастыру;
- баланың білім беру қажеттіліктерін анықтау және жеке педагогикалық қолдау бағыттарын белгілеу;
- түзете-дамыту жұмысының бағыттарын жоспарлау тәсілдерін меңгерту;
- жеке даму бағдарламасын (ЖДБ, ИОП) әзірлеу әдістерін қарастыру;
- пәнаралық командамен бірлескен түзете-дамыту жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін меңгерту;
- ата-аналармен тиімді серіктестік орнату және баланың дамуын қолдау стратегияларын дамыту.

Күтілетін нәтижелер

Модульді аяқтаған тыңдаушылар:

- диагностикалық нәтижелерді талдай алады және баланың даму профилін құрастыра алады;
- баланың білім беру қажеттіліктерін анықтай алады;
- диагностикалық деректер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағыттарын жоспарлай алады;
- жеке даму бағдарламасын (ЖДБ, ИОП) әзірлей алады;
- пәнаралық командамен және ата-аналармен бірлескен педагогикалық қолдау жұмысын ұйымдастыра алады;
- баланың дамуын қолдауға бағытталған тиімді педагогикалық шешімдер қабылдай алады.

<b>Модульдің тақырыптары</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>Нәтижелері</b>
4.1-тақырып Диагностикалық нәтижелерді талдау және баланың даму профилін құрастыру	Диагностикалық деректерді талдау, баланың даму профилін құру және оның білім беру қажеттіліктерін анықтау тәсілдері	Тыңдаушылар диагностикалық нәтижелерді талдай алады, баланың даму профилін құрастырады және оның білім беру қажеттіліктерін анықтай алады
4.2-тақырып Түзете-дамыту жұмысының бағыттарын жоспарлау	Диагностикалық нәтижелер негізінде педагогикалық қолдау стратегияларын және түзете-дамыту жұмысының бағыттарын жоспарлау тәсілдері	Тыңдаушылар диагностикалық деректер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағыттарын жоспарлай алады
4.3-тақырып Жеке даму бағдарламасын (ЖДБ, ИОП) әзірлеу	Баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып жеке даму бағдарламасын құру және жүзеге асыру тәсілдері	Тыңдаушылар баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкес жеке даму бағдарламасын әзірлей алады
4.4-тақырып Пәнаралық командамен және	Педагог мамандар мен ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы баланың	Тыңдаушылар пәнаралық командамен және ата-аналармен

ата-аналармен түзете-дамыту жұмысы	дамуын қолдау стратегияларын ұйымдастыру	бірлескен түзете-дамыту жұмысын ұйымдастыра алады
------------------------------------	--	---

## **8. Тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалау**

### **8.1 Бағалау жүйесі**

Курс барысында тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау қағидаттарына негізделеді. Бағалау жүйесі тыңдаушылардың психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу, диагностикалық нәтижелерді талдау, дифференциалды диагностика әдістерін қолдану және түзете-дамыту жұмысының тиімді бағытын анықтау бойынша кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталған.

Бағалау бірнеше кезеңнен тұрады:

- бастапқы диагностикалық бағалау;
- ағымдық (формативті) бағалау;
- қорытынды (жиынтық) бағалау.

Бастапқы диагностикалық бағалау курс басында жүргізіліп, тыңдаушылардың психологиялық-педагогикалық диагностика саласындағы бастапқы білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Ағымдық бағалау курс барысында орындалатын практикалық тапсырмалар, кейс-стади талдаулар, топтық жұмыстар, диагностикалық әдістемелерді қолдану нәтижелері арқылы жүзеге асырылады.

Қорытынды бағалау курс соңында тестілеу, практикалық тапсырмалар және жобалық жұмыстарды қорғау арқылы өткізіледі.

### **8.2 Бағалау критерийлері**

Курс аясында тыңдаушылардың білімдері мен кәсіби дағдылары келесі критерийлер бойынша бағаланады.

Теориялық білім деңгейі

- психологиялық-педагогикалық диагностиканың теориялық негіздерін білуі;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін түсінуі;
- дифференциалды диагностика қағидаттарын меңгеруі;
- психологиялық-педагогикалық диагностика әдістері мен құралдарын білуі;
- балалардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және әлеуметтік даму ерекшеліктерін диагностикалау тәсілдерін түсінуі;
- инклюзивті білім беру жағдайында диагностикалық қызметті ұйымдастыру қағидаттарын білуі.

Практикалық дағдылар

- психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу білігі;
- диагностикалық әдістемелер мен құралдарды қолдану қабілеті;

- балалардың даму көрсеткіштерін бақылау және бағалау дағдылары;
- диагностикалық деректерді жүйелеу және талдау қабілеті;
- баланың даму профилін құрастыру білігі;
- диагностикалық нәтижелер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтау қабілеті.

Аналитикалық және кәсіби шешім қабылдау дағдылары

- диагностикалық нәтижелерді интерпретациялау қабілеті;
- даму динамикасын бағалау және мониторинг жүргізу білігі;
- дифференциалды диагностика жүргізу арқылы даму бұзылыстарының ерекшеліктерін анықтау;

- диагностикалық деректер негізінде педагогикалық шешім қабылдау қабілеті.

Кәсіби өзара әрекет және коммуникация

- пәнаралық команда құрамында тиімді жұмыс істеу;
- педагог-психолог, логопед, дефектолог және басқа мамандармен кәсіби өзара әрекет жасау;
- ата-аналарға баланың даму ерекшеліктері бойынша кәсіби кеңес беру;
- диагностикалық нәтижелерді түсіндіру және педагогикалық ұсыныстар беру.

### 8.3 Бағалау құралдары

Курс барысында тыңдаушылардың оқу нәтижелерін бағалау үшін келесі бағалау құралдары қолданылады.

Тестілеу

- психологиялық-педагогикалық диагностика саласындағы теориялық білімдерді тексеруге арналған тест тапсырмалары;
- модульдік және қорытынды тесттер арқылы тыңдаушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін анықтау.

Практикалық тапсырмалар

- диагностикалық әдістемелерді қолдану;
- диагностикалық жағдайларды (кейс-стади) талдау;
- балалардың даму көрсеткіштерін бағалау.

Жобалық жұмыс

- диагностикалық нәтижелер негізінде баланың даму профилін құрастыру;
- түзете-дамыту жұмысының бағытын анықтауға арналған жобалық тапсырма әзірлеу;
- жеке даму бағдарламасының (ЖДБ) жобасын дайындау.

Портфолио

— тыңдаушылардың курс барысында орындаған практикалық тапсырмаларын, диагностикалық материалдарын және талдау жұмыстарын қамтитын портфолио.

Жобаны қорғау

— курс соңында дайындалған жобаны немесе кейс-талдау нәтижесін қорғау;

— диагностикалық шешімдердің негізділігін дәлелдеу.

#### 8.4 Оқу нәтижелерін бағалау шкаласы

Қорытынды бағалау пайыздық шкала негізінде жүргізіледі. Әрбір бағалау компоненті (теориялық білім, практикалық тапсырмалар, жобалық жұмыс) жалпы нәтижеге белгілі бір үлес қосады.

Ұсынылатын бағалау шкаласы:

94–100 % — Өте жақсы

тыңдаушы барлық тапсырмаларды толық әрі сапалы орындап, психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу бойынша жоғары кәсіби құзыреттерін көрсетті.

74–85 % — Жақсы

тыңдаушы оқу материалын жақсы меңгерген, алайда практикалық тапсырмаларды орындауда жекелеген кемшіліктер кездесуі мүмкін.

50–65 % — Қанағаттанарлық

тыңдаушы негізгі білім мен дағдыларды меңгерген, бірақ диагностикалық талдау және практикалық жұмыстарды орындауда қосымша жетілдіру қажет.

50 %-дан төмен — Қанағаттанарлықсыз

тыңдаушы курс бағдарламасының талаптарын жеткіліксіз деңгейде меңгерген, қосымша дайындық қажет.

Бағалаудың әріптік жүйесі	Сандық эквивалент	Ұпайлардың мазмұндық пайызы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A, -A	3,67 - 4,00	94 – 100	Өте жақсы
B, -B, +B, +C	2,33 - 3,33	74 – 85	Жақсы
C, -C, D, +D	1,00 - 2,00	50 – 65	Қанағаттанарлық
F	0,00	0 – 49	Қанағаттанарлықсыз

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін таныстырылым өткізіледі.

Мақсаты тыңдаушылардың курс барысында меңгерген педагогикалық, әдістемелік, инновациялық және цифрлық құзыреттерін жүйелі түрде көрсетуіне жағдай жасау, кәсіби білімдері мен практикалық дағдыларының қалыптасу

деңгейін анықтау, сондай-ақ алған тәжірибені мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәжірибесіне енгізу мүмкіндіктерін бағалау.

- Тапсырма: Таныстырылым
- Ұзақтығы: 5–7 минут
- Слайд саны: 5-тен артық емес
- Міндеті: Оқу бағдарламасының модульдерін меңгеру нәтижесінде алынған білім мен инновациялық тәсілдерді қысқа презентация арқылы көрсету.

Бағалау критерийлері:

<b>Критерий</b>	<b>0 балл</b>	<b>1 балл</b>	<b>2 балл</b>	<b>3 балл</b>
Дәлелдемелердің сапасы	Дәлелдемелер ұсынылмаған	Дәлелдемелер әлсіз	Дәлелдемелер күшті	Дәлелдемелер өте күшті, нақты және сенімді
Инновациялық тәсілдерді қолдану	Қолданылмаған	Әлсіз қолданылған	Қолданылған	Өте тиімді қолданылған
Құрылым мен логика	Жоспарсыз, түсініксіз	Әлсіз құрылымдалған	Жақсы құрылымдалған	Өте жүйелі, логикалық байланысы бар
Слайд мазмұны мен көрнекілігі	Мазмұн жоқ немесе жеткіліксіз	Әлсіз, ақпарат толық емес	Жақсы, негізгі ақпарат қамтылған	Өте көрнекі, қысқа әрі нақты ақпаратпен
Уақытты сақтау және жеткізу мәнері	Уақытты сақтамады, мәнері нашар	Әлсіз, уақытқа сәйкес емес	Жақсы, уақытқа сай	Өте тиімді, уақытқа сай және мәнері жоғары

Максималды балл: 15

Қорытынды бағалау:

- 0–5 балл: Қабілет төмен, қосымша қолдау қажет
- 6–10 балл: Орташа деңгей, кейбір аспектілерді жетілдіру қажет
- 11–15 балл: Жоғары деңгей, модульді меңгергенін көрсетеді

## **9. Курстан кейінгі қолдау**

Педагогтердің курстан кейінгі қолдауы 3 кезеңнен тұрады:

1 кезең

Тақырыпты таңдау, кәсіби дамуының мақсаттарын анықтау, іс-шара әзірлеу кезінде куратордан кеңес беру. Кеңес беру электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), Zoom, Teams платформалары арқылы жүзеге асырылады.

2 кезең

Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша кеңес беру және тәжірибе алмасу.

3 кезең

Педагогтердің құзыреттіліктерінің дамуы мен кәсіби өсуін талдау және бағалау.

Тыңдаушыларға курстан кейінгі қолдау шараларының тізімі ұсынылады. Олар осы тізімнен өздерінің жеке жоспарына қосылатын шараларды таңдайды.

№	Іс-шаралар	Аяқтау формасы
1	Тыңдаушылардың курстан кәсіби құзыреттерін дамыту үшін жеке траекториясын оқу курстарынан кейінгі тәжірибеде жоспарлау	Педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамыту үшін жеке траекториясын оқу курстарынан кейінгі тәжірибеде Google кестесінде жоспарлау
2	Жеке консультациялар өткізу	Консультация тақырыбы бойынша ұсыныстар
3	Педагогтерге арналған іс-шараларға қатысу	Бақылау парағы
4	Педагогтердің бастамасымен вебинарлар өткізу (оқытушының әдістемелік қолдауымен)	Жоспар, материалдар, ұсыныстар
5	Балабақша педагогтерінің бастамасымен мастер-класстар өткізу (оқытушының әдістемелік қолдауымен)	Жоспар, материалдар, ұсыныстар
6	Зерттеу нәтижелерін БАҚ, ғылыми-әдістемелік басылымдарда, желілік ресурстарда жариялауы (оқытушымен бірге)	БАҚ, ғылыми-әдістемелік басылымдарда, желілік ресурстарда мақала

## 10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Заңдар және нормативтік-құқықтық актілер

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

3. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарының тиісті түрлері мен типтері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

4. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагогтің курстан кейінгі қызметін сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013395>

5. Білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіби стандарттарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25HP000031>

6. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің № 92 бұйрығы

7. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>

9. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайты <https://www.edu.gov.kz>

## 2. Негізгі әдебиеттер

10. Айтбаева А.Б. Инклюзивті білім беру негіздері. – Алматы: 2021.

11. Смағұлова К.Т. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту және қолдау. – Алматы: 2022.

12. Құдайбергенова К.С. Арнайы педагогика негіздері. – Алматы: 2019.

13. ҚР БҒМ. Инклюзивті білім беруді дамытудың әдістемелік ұсынымдары. – Астана, 2021.

14. Стребелева О.А. Психолого-педагогическая диагностика развития детей. – Москва: Владос, 2018.

15. Левченко И.Ю. Психолого-педагогическая диагностика детей с ОВЗ. – Москва: 2019.

16. Кукушкина Е.И. Инклюзивное образование: теория и практика. – Москва: 2020.
17. Фотекова Т.А. Диагностика речевого развития детей. – Москва: 2018.
18. Нищева Н.А. Система коррекционной работы с детьми с ОНР. – Санкт-Петербург: 2017.

Қосымша әдебиеттер және заманауи зерттеулер

19. Заманауи ғылыми мақалалар мен халықаралық зерттеулер (Scopus, Web of Science базалары бойынша, 2019–2024 жж.).
20. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды диагностикалау және қолдау бойынша халықаралық тәжірибелер (UNESCO, UNICEF материалдары).